

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

7. D.Jacob «The Inner Workings of Prince Ea», 2015. URL: upliftconnect.com/prince-ea/
8. P.Natalie «Activist Prince Ea Has A Message To Future Generations: Sorry», 2015. URL: www.globalcitizen.org/en/content/dear-future-generations-sorry/
9. A study of english intonation in high school textbooks in japan by koichi kumaki. A dissertation submitted to the School of Humanities of the University of Birmingham in part fulfillment of the requirements for the degree of Master of Arts in Teaching English as a Foreign or Second Language (TEFL/TESL) // September 2003
10. P.Sarah Elbert & Arie Dijkstra (2014) An experimental test of the relationship between voice intonation and persuasion in the domain of health, *Psychology & Health*, 29:9, 1014-1031, DOI: 10.1080/08870446.2014.903482
11. С.Ф. Леонтьева «Теоретическая фонетика современного английского языка. 3-изд., испр. идоп» / М., 2004
12. Prince Ea «Dear Future Generations: Sorry» (6:40) 23 837 416 views; April 20, 2015. URL: www.youtube.com/watch?v=eRLJscAlk1M

ӘОК81.42(075.8)

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ «БАЛА» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІСІ

Сүлеймен Ә., 3 курс, 5В020500 – филология, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Досова А.Т., филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Қазақ тіліндегі «бала» концептілері – тақырыптық аясы кең, мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды, концептуалды өрісі өте күрделі. Біздің өмірімізге ерекше леп әкелген «бала» концептісі, оның ішінде адам өмірінің жалғасы болған «бала» жайын танып білу – зерттеу жұмысының басты өзектілігі болып табылады. Зерттеуде фразеологизмдердің тіл білімінде зерттелуі, қазақ болмысын танытудағы көрінісі, қазақ дүниетанымындағы «бала» концептісінің бейнесі және көрнекті жазушы Шерхан Мұртаза шығармаларындағы «бала» концептісінің берілу жолдары, адам өмірінде алатын орны жайында болады.

«Фразеология» дегеніміз, біріншіден, тілдегі барлық фразеологизмдердің жиынтығы, әлемі, қазынасы, екіншіден, фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласы» [1, 57]. Ал, фразеологизм дегеніміз – құрамындағы сыңарлары өте тұрақты болып келетін, қолданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі. Жалпы фразеология тіл білімінің жеке саласы ретінде ХХ ғасырдың 40-жылдары Кеңес тіл білімінде қалыптаса бастаған. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің арнайы зерттелуі ХХ ғасырдың 40-жылдарында І.Кеңесбаев еңбектерінен бастау алады. І.Кеңесбаев қазақ тіл біліміндегі фразеологияның негізін салушы, қабырғасын қалаушы болып есептеледі. 1977 ж. оның көпжылдық зерттеулерінің нәтижесі ретінде «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі жарық көрді, онда 10 мыңнан аса фразеологизм қамтылған.

Көптеген фразеологизмдердің шыққан тегінде тура мағынасы бар еркін тіркестер жатыр. Мұндай фразеологизмдер еркін тіркестердің мағына жағынан жаңғырып-жаңаруынан туған екінші қатардағы туындылар деп аталады. Мысалы, ер жетті, азамат болды мағынасындағы (ам жалын тартып мінді) фразеологизмі жас адам өз бетімен атқа міне алады деген

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

мағынадағы еркін тіркестен туған деуге болады. Фразеологизмдердің пайда болуына халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілік өміріндегі әртүрлі жағдай себеп болған. Оларды бірнеше салаға бөліп қарауға болады [2, 599].

1. Бірқатар фразеологизмнің пайда болуына халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері себеп болған. Мысалы, қазақ салтында жасы үлкенді сыйлауға ерекше мән беріледі. Халық менталитетінің осы ерекшелігін мына сияқты фразеологизмдерден көруге болады: мына сияқты мақал-мәтелдерден: бұрынғының кісісі, бүгінгінің кішісі; атаның құны, ананың сүті.

2. Діни ұғымға, ескі түсінікке, киелі сандарға байланысты туған фразеологизмдер. Мысалы: жетінан құдайы, жортқанда жолдасың қызыр болсын, құдайға ақсарбас айтты.

3. Бірсыпыра фразеологизм жаугершілік заманға байланысты туған. Мысалы: аттың жалы, түйенің қомы; құба қалмақ заманы.

4. Бірқатар фразеологизм ел ішіндегі дау-дамайды (жер дауы, жесір дауы т.б.) билік жолымен шешуге байланысты туған. Мысалы: ант берді, ант ішті, жан берді.

5. Адамның әртүрлі қасиетіне байланысты да фразеологизмдерде пайда болған. Мысалы, мінезге байланысты: аузын ашса, көмекейі көрінеді, терісі кең, табаны жаудан таймаған, т.б. [3, 247].

Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің арақатынасы өте күрделі болып келеді. Кең мағынада мақал-мәтелдер және оларға жақын қанатты сөздер фразеологизмдерге жатқызылып жүр. Бірақ олардың фразеологизмдерге жатқызылуы әлі толық шешілмеген мәселе болып тұр. Бұлардың фразеологизмдерге қатысын түсіну үшін, алдымен мақал-мәтелдердің тілдік сипатын, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін, бір-бірінен айырмасын түсіну қажет [4, 197]. Мақал мен мәтел бір-біріне ұқсас болғанымен, құрылымы, білдіретін мағынасы жағынан бірдей емес.

Фразеологизмге мақал-мәтелдердің қатыстылығын және олардың бір-бірінен айырмашылығын фразеологизмдерге тән белгілер тұрғысынан қарап анықтауға болады. Осы тұрғыдан қарағанда, фразеологизмге тән құрылым тұрақтылығы, даяр қалпында жұмсалу тиянақтылығы, бейнелілігі, мәнерлілігі сияқты белгілер мақал-мәтелге де тән. Осы белгілер мақал-мәтелдерді фразеологизмдерге жатқызуға себеп болған [4, 199-200].

Өз жұрттың – күншіл,
Нағашы жұрттың – сыншыл,
Қайың жұрттың міншіл келеді.
Қартың болса, жазып қойған хатпен тең.
Немере етін жеп, сүйегін қалдырады.
Өз балаңды өскенше бағасың,
Немереңді өлгенше бағасың.
Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату.
Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді,
Әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді.
Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.
Ұлың өссе, ұлы жақсы мен ауылдас бол
Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол.
Ағаның үйі – ақ жайлау.
Қонақ асына емес қабақ – қасыңа риза.
Қонақ жаман болса, үй иесі қалдырады,
Үй иесі жаман болса, қонақ қыдырады.
Келінің жаман болса, ұлыңнан көр.
Күйеуің жаман болса, қызыңнан көр.

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

Көрнекті тұлғалардың қанатты сөздерінен шыққан фразеологизмдер. Мысалы, Абайдағы жүрек сөзімен байланысты: ыстық жүрек, жас жүрек, ынталы жүрек, ет жүрек, асау жүрек т.б., одан басқа көңілдің жайлауы, көңіл жүгі, ылай ой, саңырау қайғы, таршылықта қайрандау, өнер шашу, тіл ұстарту; ғашықтық тілі – тілсіз тіл т.б. қазақ фразеологиясының қорын молайтатын тіл бірліктері болып табылады. Фразеологизмдік сипаты бар осындай қанатты сөздер басқа да данагөй адамдардан аз қалмаған [5, 219].

Ең алғаш концепт терминін «Латын-орыс сөздігінде» философ Ансельм (1033-1109) пайдаланған болатын. Латын тілінде бұл термин мынадай мағынада қолданылған:

- 1) байланыс, жиынтық, жүйе (связь, сумма, система);
- 2) койма (склад);
- 3) құқықтық актілер тұжырымдамасы (заклучение законных актов);
- 4) ұрық қабылдау;
- 5) сөйлем.

XII ғасырда П. Абеляр қандай да бір зат атауы өз табиғатына қарай дыбысталу кезінде сол таңбаланған заттың мазмұнына қатысы жоқ деп есептейді, бірақ белгілі бір «жүктелу» күшіне бағынатындығын айтады. Бұл күшті адамдарға Құдай береді. Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттың мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым [6, 56].

Сонымен Шарана – қырқынан шықпаған бала. Нәресте – қырқынан шыққаннан бастап екі жасқа дейінгі бала. Сәби – екі жасар бала. Бүлдіршін – үш-төрт жас. Бөбек – бес-алты жас. Балдырған – жеті-сегіз жас. Сөздік қорымыздағы бөпе, балақай сияқты, т.б. сөздер баланы еркелетуден туған сөздер деп есептедік. Бөпе деген әлі аяғы шықпаған, көбіне-көп құндақтағы нәрестелердің ортақ атауы іспеттес, ал балақай сөзі жүріп жүрген, тілі шыққан балаға қатысты айтылады. Жеткіншек – тоғыз-он жас. Ұл-қыз – балиғат жасына жеткеннен кейін баланы ұл-қыз деп, жынысына бөліп айтады. Жасөспірім – он бір-он бес жас арасындағы ұл. Балғын – осы жастағы қыз бала. Бозбала – кәмелет жасына жеткен он алты-он сегіз жасар ұл. Ұлдың ұлан аталатын кезі де осы уақ. Отан қорғау ісіне жарап қалған шағы. Бойжеткен – осы шамадағы қыз бала.

Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романдарындағы (бірінші кітап) бойынша ең ірі концептілік жүйе құрай алатын концепт – ол «бала» тұжырымдамасы. Ол эпитет, теңеу сол сияқты басқа да көріктеу құралдары арқылы, сондай-ақ сөз тіркестері және еркін сөз тіркестері мен тұрақты сөз тіркестер арқылы көрініс тапқан. Мысалы, эпитет ретінде: бала көңіл; ақ қағаздай дақ түспеген бала көңіл; бала көңілін қобалжыту; бала қиял; бала Тұрар.

Теңеулер ретінде:мысалы;

1. Перзентінің дөнгелек жүзі өзі құс мамықтай еді –ау, қайран! [7,75].
2. Қанша кедей болса да судан балық сүзуді кәсіп қылмаған қазаққа бұ бала-шағаның қылығындай көрінді [7,87].
3. Қарияға баланың жұдырықтай жүрегіне заңғар таудың өзі сыйып кететіндей көрінді [7,95].
4. Бозбаланың қарасы иненің көзін тесетіндей болып көрінді [7,99].
5. Тас қапастың құрсауында отырғанның өзінде жас Рысқұлдың көкірегінің терезесіне темір тор қаға алмайсын [7,110].
6. Тор темірдегі жаралы жолбарыстай аласұрған Рысқұлдың көңілі сонда бір жай тапқан [7,114].
7. Түзде жүрсем батырмын,
Үйге келсем пақырмын.

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

Қатын ауру, бала жас.

Тары түйіп жатырмын [7,119].

8. Түрмеге түскеннен бастап, түн баласы өзімен бірге болған ұлының иісі әкенің жандүниесіне қылышпен қырып жусаң да кетпестей болып сіңіп қалған [7,126].

9. Түні бойы көз ілмей, қиянаттан мұздаған жүрегін жылытқысы келгендей, Тұрардың ыссы басын кеудесіне қысып жатты [7,138].

Жазушы шығармасында балаға қатысты фразеологизмдерді мынандай мақсатта қолданған:

1. Бала кейіпкердің портретін сомдауда:Қара бұжыр әкесіне емес, ақсары шешесіне тартқан үрпек бас, елгезек балаәкесінің мынасын түсіне алмай есіктің көзінде состиып тұрып қалған [7,166].

Рысқұлдан бұрын тысқа қасқыр көз, қара торы балаатып шығып, сырттағы аттыларға бақшиып қарап тұрды да лезде ішке кіріп: – Көке, көке, сізді бір үлкен кісілер шақырып тұр, – деп асықтырды т.б. Бірінші мысалда автор үрпек бас, елгезек балафразеологизмдерін баланың портретін беруде ұтымды пайдаланса, екінші мысалда қасқыр көз, қара торы балаәрі кейіпкердің портретін сомдауда әрі баланың қайтпас мінезін беруде қолданылған.

2. Бала кейіпкердің психологиялық көңіл күйін беруде: Бозбала Тұрардың жүрек тамыры сарғайып, өңі қусырылып бозаң тартыпты. Тұрар баланың көзі шоқтай жайнай түсіп, әкесіне жымыып қарады. Бірінші мысалда бозбала Жүрек тамыры сарғайып фразеологизмі бала кейіпкердің тұнжырап, көңіл – күйінің болмауын көрсетсе, екінші мысалдағы көзі шоқтайжайнай түсіп фразеологизмі баланың көңіл – күйінің көтеріңкі, қуанышқа толы екенің білдіреді.

3. Кейіпкерді мінездеуде:Темір есіктің көздей тесігінің қақпағы көтеріліп, ар жақтан көрінген надзирательге жас жігіттің оқтаулы мылтықтай жанары суық қадалды.«Апыр-ай, бөрінің бөлтірігі әкесіндей жүрек жұтқан болар-ау», деп тіксініп қалды, еріксіз еңкейіп, қолын ұсына беріп еді, бала көзінен шоқ шашырағандай тағы бір қарадыда бұрылып кетті. Сол шабыста Қызыл Жебе жарқ ете қалған найзағай сияқты көрінді.Бірінші, екінші мысалда жас жігіттің оқтаулы мылтықтай жанары суық қадалды, бала көзінен шоқ шашырағандай тағы бір қарады деген фразеологизмдер кейіпкердің алмастай бір беткей тура мінезін беруде қолданылған. Үшінші мысалдағы Қызыл Жебе тіркесі кейіпкер Тұрардың өзіне қойып алған лақап аты. Бұл мысалда Тұрарды найзағайға теңеген.

Тіл мен тілдік құрылым адам ақыл-ойының жемісі ретінде адам ақылының қалай жұмыс істейтінін, адамға қалай қызмет жасайтынын көрсетеді және жол сілтейді. Қоғам мүшелерінің коммуникативтік құралы ретінде тіл белгілі бір мәдениеттің әртүрлі аспектілерін бейнелетін бірден бір құралы болып табылады.

«Фразеология» дегеніміз, біріншіден, тілдегі барлық фразеологизмдердің жиынтығы, әлемі, қазынасы, екіншіден, фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласы. Ал фразеологизм дегеніміз – құрамындағы сыңарлары өте тұрақты болып келетін, қолданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе»романдарындағы (бірінші кітап) бойынша ең ірі концептілік жүйе құрай алатын концепт – ол бала тұжырымдамасы. Ол эпитет, теңеу сол сияқты басқа да көріктеу құралдары арқылы, сондай-ақ сөз тіркестері және еркін сөз тіркестері мен тұрақты сөз тіркестер арқылы көрініс тапқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ф.Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда «Қазіргі қазақ тілі [Мәтін]» /А., 2005
2. І. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. [Мәтін]» /А., 1977
3. Х. Қожахметова «Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы» / А., 1988

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

4. Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» / А., 2017
5. А. Құнанбаев «Қарасөздер. Поэмалар» / А., 1993
6. Е.С. Кубрякова «Проблема субъективности в когнитивной лингвистике», 2005
7. Ш. Мұртаза «Шығармалар жинағы» /А., 2017

ӘОК81. 42 (075.8)

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Алимбаева А., 2 курс, 7М02301 – қазақ филологиясы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Досова А.Т., филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Мақалада тіл білімінің жаңа бағыттарының мәселелерін зерттеген Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева сынды ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, «лингвоөлкетану», «лингвоелтаным», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика» терминдерінің аражігі ашылған. Лингвомәдениеттану ғылымының қалыптасып, дамуы жөніндегі зерттеушілердің еңбектеріне сараптама жасалған.

Зерттеу нысанасы тіл мен мәдениет болып табылатын салалардың қатарына «лингвоөлкетану», «лингвоелтаным», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика» жататыны мәлім. Аталмыш пәндердің «тіл мен мәдениеттің» өзара байланысын зерттеудегі әдіс-тәсілдері, кейбір теориялық принциптері мен негіздері ұқсас болып келеді. Қазақ тіл білімінде профессорлар Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева және Н.Уәлиев т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінің негізінде этнолингвистикалық зерттеулер ерекше қарқын алды.

Лингвомәдениеттану, лингвоелтану, лингвоөлкетану ұғымдары мен олардың қатынастарына талдау жасаған М.А. Карпенконың ойынша лингвоелтанудың негізін салушылар мен осы ғылыми салада зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың көбі лингвоөлкетаным шеңберінен шығып, өзіне тән жалпы мәдени және ұлттық-мәдени, жалпы тілдік, ұлттық-тілдік өлшеулері бар лингвомәдениеттану шеңберіне кіріп кетіп отырды [1, 90].

Жоғарыда аталып өтілген пәндердің теориялық қағидалары мен зерттеу тәсілдері арасындағы ерекшеліктер мен ұқсастықтар жөнінде соңғы кезде жиі айтылып жүр. Г.Д. Томахин, В.В. Дубичинский, В.В. Воробьев, В.А. Маслова, А.Қ. Сейілхан т.б. зерттеушілердің еңбектерінде бұл мәселе арнайы сөз болды. Этнолингвистиканың, елтанудың, лингвомәдениеттанудың пән ретіндегі ортақ мақсаттары мен міндеттеріне – ұлт тілі мен мәдениетін оның ақыл-ойына байланыстыра отырып зерттеу жатады.

Е. Жанпейісов «Қазақ тілінің этномәдени лексикасы» еңбегінде М.О. Әуезовтің 20 томдық шығармаларының толық жинағы негізінде қазақ тілінің этномәдениеттік лексикасына тарихи-семантикалық және этимологиялық талдау жасаған. Сонымен қатар қазақ тілінің этномәдени лексикасының негізгі семантикалық топтарын көрсетіп, оларды фонемалық, морфемалық, лексикалық деңгейде жан-жақты ғылыми тұрғыда қарастырған. Р.Иманалиева «Қазақ тіліндегі кеңістіктік бағдар білдіру құралдарын зерттеудің этнолингвистикалық мәселелері» еңбегінде қазақ тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінің (этнолингвистикалық) кеңістікте орналасуын мифологиялық, этнопсихологиялық тұрғыдан түсіндірсе, А. Құмарова «Қазақстан